www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń
Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube Facebook Telegram
№37 /sarsénbi/ 07 qyrkúiek



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.К.ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

# ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

### БІРІНШІ БАҒДАР.
### ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ.

Бүгінде мемлекеттік органдардың, соның ішінде күштік құрылымдардың бизнесті тексеруге жаппай кірісіп, бағалар мен тарифтерді төмендетуді талап етуі жиілеп кетті. Құр дақпырт үшін жасалатын мұндай әрекеттерді доғару керек.

Желілер мен қуат көздерінің тозу деңгейін кемінде 15 пайызға азайту қажет. Меншік иесі инвестицияның айтарлықтай бөлігін тарифтің емес, өз қаржысының есебінен салуға тиіс.

Тарифтерді тоғыспалы субсидиялаудан, яғни бір тұтынушылар үшін бағаны ұстап тұру мақсатымен басқалар үшін бағаны көтеру тәсілінен біртіндеп бас тарту қажет.

Екінші. Экономиканы одан ары монополиясыздандыру үшін нақты институционалдық шешімдер қабылдау қажет.

«Конгломерат» ұғымын заң жүзінде айқындап алған жөн.

Фискалды реттеу ісін қайта жаңғырту үшін 2023 жылы жаңа Салық кодексі әзірленеді. Оның ең түйткілді тұсы саналатын салықтық әкімшілендіру мәселесі түгел қайта жазылуға тиіс.

Салық төлеушілердің салықтан жалтаруға құмарлығын азайту үшін арнайы салық режимдерін жеңілдету керек.

Биылғы 1 қыркүйекке дейін елге әкелінген автокөліктерге қатысты ахуалды реттеу керек. Оларды заңдастыру мақсатында утилизация және алғашқы тіркеу үшін төленетін қаржы көлемін 200-250 мың теңгеден асырмай, бәріне бірдей және бір реттік алым алуды ұсынамын. Бұл — іздеу салынбаған және кеден рәсімдерінен өткен көліктерге ғана қатысты шара. Кедендік рәсімдеу орталықтары «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеуге тиіс.

Жүздеген, тіпті мыңдаған заңнамалық құжат пен нұсқаулықты қайта-қайта түзете бергеннен ештеңе шықпайды. Оның орнына ықшам әрі түсінікті жаңа ережелерді бекіткен жөн. Мұндай тәсілді 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап толық енгізу қажет.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң қабылдануға тиіс.

Мемлекет пен жекеменшік серіктестігінің жаңа үлгісіне көшу керек.

### ЕКІНШІ БАҒДАР.
### НАҚТЫ СЕКТОРДЫ ДАМЫТУ.

Барлық инвестициялық міндеттемесін адал орындайтын кәсіпорындар да бар. Оларға арнайы экономикалық аймақтан жер телімін жеке меншікке беру мәселесін шешу қажет.

Қордың басқа активтері мен акцияларын жекешелендіру керек. Оны жүзеге асыруға «Халықтық IPO» тәсілін де қолдануға болады.

Жалғасы 5-ші бетте

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 150 ЖЫЛ




*Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Рухани көсемнің атында Шымкентте мектеп, көше атауы бар. Қаланың арғы шеті мен бергі шетін байланыстырып тұрған А.Байтұрсынұлы көшесінің басында алаш ардақтысына арналған ескерткіш те орнатылған.*

Туған күніне орай ескерткіш алдында Шымкентте ұлы тұлғаның 150 жылдығына орай «40 мысал, 40 мақал» атты көшпелі әдеби тіл керуені өтті. Оған қала әкімі М.Әйтенов және зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары қатысты.

Сөз алған қала әкімі Мұрат Әйтенов қайраткердің қайсарлығы мен ұлтжандылығы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге екендігін атап өтті.

- Қазақ даласына терең біліммен қатар, саяси еркіндік қажет екенін терең түсінген ұлт ұстазы мемлекетшіл қайраткерге айналды. Алаш ардақтылары ұмытылған, бірақ көре алмай кеткен тәуелсіздікті көру, іргесін нығайту осы тұрған буынның маңдайына жазылған екен. Егемендігіміз баянды, елім деген ерлеріміздің еңсесі биік болсын!- деді, қала басшысы.

Ахмет Байтұрсынұлы - ақын, лингвист, әдебиетші, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ұлттық жазудың реформаторы, араб графикасының негізінде қазақтың төл әліпбиін түзіп, төте жазудың көмегімен «Қазақ» газетін ұйымдастырды, ұлттық журналистиканы дамытқан ұлы тұлға.

Өз кезегінде сөз алған басқа да зиялы қауым өкілдері де Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлігіне, шығармашылығына тоқталып, оның елі үшін еткен еңбегін жас ұрпаққа үлгі ету жолында насихат жұмыстарын жалғатыра беру керектігін жеткізді.

Іс-шара барысында ақынның өлеңдері оқылып, қазақ композиторларының әндері шырқалды. Ескерткішіне гүл шоқтары қойылды.

Айта кету керек, Қазақстан халқы тілдері мерекесі 1998 жылы 22 қыркүйек деп бекітілсе, 2017 жылдан бері Алаш ардақтысының, тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орайластырып 5 қыркүйекке ауыстырылған болатын.

**Арайлым ӘБСАҒАТ**

## Д.САТЫБАЛДЫ

# ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУДІҢ ЖОЛДАРЫН КӨРСЕТТІ

Шағын және орта бизнесті дамыту арқылы Түркістан облысында жаңа тұрақты жұмыс орындары ашылуда. «10 мың тұрғынға 100 тұрақты жұмыс орнын ашу» бағдарламасы бойынша жұмысқа орналасқан азаматтардың міндетті зейнетақы жарнасы уақтылы төленуі міндетті. Ал, зейнеткерлікке шығуына 2 жыл қалған азаматтарға арналған жұмыс орындары ашылатын «Күміс жас» жобасы бойынша жұмыстар күшейтілмек.

«Еңбек» бағыты бойынша жыл басынан бері 67 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылып, жылдық жоспар 96,8 пайызға орындалды. 8 ай қорытындысымен жеке бастамалар бойынша 11 773 жұмыс орны ашылған. «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі» кешенді жоспарының Түркістан облысы бойынша орындалу барысы Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен аппараттың апталық отырысында саралталды.

Бұл бағыттағы жұмыстардың барысымен танысқан облыс басшысы жұмыссыздық мәселесін шешудің жолдарын көрсетті.

— Біз өз ресурстарымызбен жаңа жұмыс орындарын ашуға мән беруіміз керек. Бұл мәселені арнайы пысықтаймыз. Кәсіпкерлік, инвестиция, ауыл шаруашылығы, жұмыспен қамту саласына жауапты басқарма басшыларына 2 апта уақыт беремін. Инвестиция тарту, кәсіпорындарды көбейту, жұмыс орындарын ашу бойынша ұсыныстарыңызды дайындап келіңіздер. Аудан, қала әкімдері де бұл түйткілге мән берулері тиіс. Аудандардан шыққан ірі кәсіпкерлерді шақырып, елге пайдалы жобаларды жүзеге асыруға көмектесіңіздер. Біз де өз тарапымыздан толық қолдаймыз. Екіншіден, Түркістан облысының оңтүстік бөлігінде бір миллиондай тұрғын бар. Сол аймақты да дамытып, инфрақұрылымын реттеп, жастарды тартатындай жұмыс орындарын ашу қажет. Халықтың әл-ауқатын көтеру бағытындағы жұмыстар күшейтіледі, әр әкімге, басқарма басшыларына осы бойынша индикаторлар әзірленеді, — деді Дархан Сатыбалды.

Сондай-ақ облыс әкімі аппаратының апталық отырысында алдағы жылыту маусымына дайындық жұмыстары талқыланды. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, облыстағы 7 аудан, қалада 21 орталықтандырылған жылу қазандығы және 1 жылу электр орталығы бар. Олардың бәрі жылыту маусымына дайын. Ал Кентау қаласында орналасқан «ЖЭО-5» жылу орталығының жылыту маусымына дайындық жұмыстары қолға алынған. Өңірге қажетті көмір мен сұйық отын тасымалдау жұмыстары жүріп жатыр.

**Жомарт БЕГІМБЕТ.**

## Тағайындау

### Дархан ҚЫДЫРӘЛІ -

*ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі*



Мемлекет басшысының Жарлығымен Дархан Қуандықұлы Қыдырәлі Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі лауазымына тағайындалды.

Дархан Қуандықұлы Қыдырәлі 1974 жылы Түркістан облысының Түлкібас ауданында дүниеге келген.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де (1991-1992 ж) және Түркияның Мармара (1992-1996 ж), Докуз Эйлүл (1996-1997), Эгей (1997-1998 ж), Ыстамбұл (1998-2001 ж) университеттерінде білім алған. Эгей унивреситетінде диссертация қорғаған (1998).

Ыстамбұл университетінде докторлық диссертация қорғап, "философия докторы" ғылыми дәрежесін иеленген.

Абай атындағы ҚазҰПУ-да докторлық диссертация қорғап, тарих ғылымдарының докторы атанған (2010 ж).

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің, Қырғызстандағы Ош университетінің құрметті профессоры.

Халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі. Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясының Құрметті докторы (2016 ж), Моңғолия Ұлттық ғылым академиясының Құрметті докторы (2017).

Қырғыз Республикасының Ұлттық ғылым академиясының Құрметті академигі (2022).

Еңбек жолын 2001-2005 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-де аға ғылыми қызметкер, ғалым-хатшы, кафедра меңгерушісі, аппарат жетекшісі, жетекші ғылыми қызметкер болып бастаған.

2005-2006 ж. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де доцент, аға ғылыми қызметкер. 2006-2007 ж. ҚР Президенттік мәдениет орталығында директордың орынбасары. 2007-2008 ж. ҚР БҒМ-де Министрдің кеңесшісі. 2008-2009 ж. ҚР Президенті Әкімшілігінде сарапшы, сектор меңгерушісі қызметін атқарған. 2009-2012 жылдар арасында ҚР Президенті Баспасөз хатшысының орынбасары болған. 2012 -2014 жылдары Түркі кеңесі Бас хатшысының орынбасары болып қызмет атқарды. 2014 жылдан бастап Халықаралық түркі академиясының президенті. 2015 жылғы 29 маусымнан Түркі әлемі Ұлттық ғылым академиялар одағы Хатшылығының басшысы қызметін қоса атқарады және аталған одақтың ұйымдастырушысы. 2015 жылы ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде "Қорқыт мұрасы және Түркі әлемі" атты халықаралық мәдени шараны, 2016 жылы Нью-Йорк қаласындағы БҰҰ штабпәтерінде "2030 Жоспары үшін Жібек жолы бойындағы жаңа синергия" атты халықаралық симпозиумды, және "Рухани жаңғыру және мәдени мұра: қадымнан келешекке түркі тілі" халықаралық мәдени шараларын ұйымдастырды. 2016 жылдың шілдесінен "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" АҚ Басқарма төрағасы. 2018 жылы Халықаралық Түркі академиясының президенті лауазымына екінші мерзімге тағайындалды.

### Дархан САТЫБАЛДЫ -

*Түркістан облысының әкімі*



Мемлекет басшысының Жарлығымен Дархан Амангелдіұлы Сатыбалды Түркістан облысының әкімі болып тағайындалды.

Дархан Амангелдіұлы Сатыбалды 1974 жылы 26 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Абай ауылында туған.

С.Сейфуллина атындағы Ақмола ауыл шаруашылығы институтының түлегі (1996). 2003 жылы Қазақ гуманитарлық заң университетінде екінші жоғары білім алған. Экономика ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын, 1996–1999 жж. коммерциялық ұйымның аға экономисі, бас есепшісі болып бастап, әр жылдары әртүрлі маңызды қызметтерді атқара білді.

2013 жылы Шымкент қаласының әкімі, 2015 жылғы 19 тамыздан бастап Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

2018 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды.

2019 жылдың 18 наурызынан бастап жаңа тағайындауға дейін Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тағайындалды.

«Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

## ТҮРКІСТАННАН ҚОСТАНАЙҒА 72 ТОННА ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖӨНЕЛТІЛДІ

Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен және «AMANAT» партиясы Түркістан өңірлік филиалының ұйымдастыруымен Қостанайдағы апатқа байланысты 72 тоннадан астам гуманитарлық көмек жөнелтілді. Азық-түлік өнімдері, ауыз су, жеке гигиеналық заттар және төсек жабдықтары Мақтаарал ауданы, Арыс және Түркістан қалаларында орналасқан қабылдау пункттерінде жиналған.

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының тиісті көмекті үйлестіру жөнінде тапсырмасына сәйкес облыстық партия филиалының Атқарушы хатшысы Бейсен Тәжібаев ел аманатын шығарып салу шарасына қатысып, аталған бағыттағы жұмыстар жайында баяндады.

– Қостанайдағы төтенше жағдай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бақылауында. Партия Төрағасы Ерлан Қошанов филиалдарға тапсырма жүктеп жедел әрекетке көшті. Облыстық партия филиалы жанынан ашылған қабылдау пункті 4 қыркүйектен бастап гуманитарлық көмектер қабылдауда. Алғашқы күннің өзінде қалалық мәслихат депутаттары, жергілікті жомарт азаматтар ең қажетті және жолға жарамды заттармен қамтып үлгерді. Бірнеше жыл бұрын өңірімізде орын алған төтенше жағдайда ел бірлігі мен нақты көмектерді көрдік. Жақсылыққа екі есе жақсылықпен қайыруға тырысатын халықпыз. Бір тәуліктің ішінде Мақтаарал ауданы, Арыс және Түркістан қалаларынан жалпы 4 жүк көлік гуманитарлық көмек жиналып, Қостанайға жолға шықты. Осы істерге атсалысқан азаматтарға шынайы алғысымды білдіремін. Төтенше жағдай тұрақталғанға дейін гуманитарлық көмектерді ұйымдастыруды жалғастырамыз және барша түркістандықтарды игі бастаманы қолдауға шақырамын, – деді Бейсен Дәулетұлы.

Өңірдегі «Жастар ресурстық орталықтарының» ұйымдастыруымен жеке кәсіпкерлер мен қарапайым азаматтардың, шағын бизнес өкілдерінің демеушілігімен жиналған қажетті заттар ішінде 3,4 тонна ұн, 1500 келіге жуық макарон өнімдері, 70 қап картоп, 500 келіге жуық күріш, 1000 литрден аса пісте май, 900 консервіленген банка және өзге де азық-түлік пен тұрмысқа қажетті заттар жолға шықты.

«AMANAT» партиясы Мақтаарал аудандық филиалы мен жергілікті әкімдік, жұртшылық бірлесіп 1 жүк көлігін жөнелтсе, Арыс қалалық филиалы мен қалалық әкімдік, жомарт жандар тарапынан 2 жүк көлігіне көмекке қажетті заттар тиелді. Ал облыс орталығы Түркістан қаласындағы 1 жүк көлігі біріншi кезекте пайдалануға керекті құрал-жабдықтармен қамтылды.

Гуманитарлық көмекке бірқатар мекемелер де өзіндік үлесін қосты.

Атап айтқанда, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Жанар Темірбекова бастаған қолдау тобы 400 дана көрпе-төсек жеткізді. Сондай-ақ 500 мұғалім



1 күндік жалақыларын «Biz birgemiz» қорына аударды. Түркістан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелері де киім-кешек, азық-түлік тауарлары және жеке қолданысқа қажетті заттармен толықтырды.

Аталған көмекті Қостанай облысына дейін жеткізу «Жастар Рухы» жастар қанаты аймақтық филиалының белсенділеріне жүктелді. Өңірдің 10 белсенді жасы апатты қалпына келтіру жұмыстарына қатысып, зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсетеді.

**Жомарт ЖҰМАГЕЛДІҰЛЫ.**

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОО ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКАҚЫСЫ ЕКІ ЕСЕ ӨСТІ

Жаңа оқу жылының қарсаңында Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев еліміздің шығармашылық жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамымен кездесті. Әңгіме барысында ол мәдениет және өнер саласындағы жоғары білім беру ұйымдарының оқытушыларына лауазымдық еңбекақыға коэффициентті екі есеге арттырғанын хабарлады. Еңбекке ақы төлеудің жаңа ережелері төрт шығармашылық жоғары оқу орнына қолданылады, олар: Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы; Қазақ ұлттық өнер университеті; Қазақ ұлттық хореография академиясы.

Айта кетейік, бүгін Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында ҚР МСМ мәдениет комитетінің төрағасы Роза Кәрібжанова, сондай-ақ шығармашылық жоғары оқу орындарының ректорлары енгізілген өзгерістер мен жаңа оқу жылына дайындық туралы айтып берді.

«Бүгінде министрлік мәдениет және өнер саласына қажет кадрларды даярлау бойынша ауқымды жұмыс атқаруда. Болашақ кадрларды даярлауды Қазақстанның еңбек сіңірген және халық әртістері, шығармашылық интеллигенцияның көрнекті өкілдері жүзеге асырады. Сонымен қатар, студенттер еліміздің үздік мәдениет ұйымдарында тәжірибеден өтуге мүмкіндік алады. Оқу орындарының заманға сай интеграциялануының арқасында еліміздің мәдени ландшафтына бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие мамандар қосылатынын сеніммен айта аламыз. Ал еңбекақыға қатысты айтсақ, оқытушыларымызға лауазымдық еңбекақыға коэффициенттің 1.75 – тен 3.5-ке дейін артуын ескере отырып, қайта есептеу жүргізілетін болады», - деді Роза Кәрібжанова.

**«Айғақ»-ақпарат.**

### Ералы ТОҒЖАНОВ -

*Ақтөбе облысының әкімі*



Мемлекет басшысының Жарлығымен Ералы Лұқпанұлы Тоғжанов Ақтөбе облысының әкімі болып тағайындалды.

Ералы Лұқпанұлы Тоғжанов 1963 жылы 13 мамырда Орал облысының Ақжайық ауданындағы Шағатай ауылында туған.

Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген (1988), құқықтанушы. Заң ғылымдарының кандидаты (1995).

Кандидаттық диссертациясының тақырыбы: «Сібір қазақтары облысын басқару және Ресейдің Шығыс саясатындағы оның орны (1822-1868)».

1980 жылы Орал облысы Ақжайық ауданы Октябрь орман шаруашылығының жұмысшысы болып бастаған ол, әртүрлі мемлекеттік маңызды қызметтерді атқарды.

2017 жылдан - Маңғыстау облысының әкімі, 2019 жылдан - Қазақстан кәсіподақ федерациясының төрағасы. 2020 жылдың 11 ақпанынан – Қазақстан Республикасының премьер-министрінің орынбасары лауазымдарын абыроймен атқарды.

2022 жылдың 31 тамызынан бері – Ақтөбе облысының әкімі.

**Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2025 жылдың соңына дейін елімізде 1 000 мектеп салынады. Былтыр 277 мектеп пайдалануға берілді. Биыл тағы 230 мектепті ашу жоспарланып отыр. Елімізде 80 мектеп ашылды, соның ішінде білім күні мегаполисте 20 жаңа мектеп ашылды.**

## МЕГАПОЛИСТЕ ҮШ АУЫСЫМДЫ МЕКТЕПТЕР САНЫ ҚЫСҚАРУДА

Шымкенттегі 223 мектепте алғашқы қоңырау соғылды. Биылғы оқу жылында 242 525 оқушымен 19 мыңнан аса педагог оқу-тәрбие жұмысын бастады.



Қала әкімінің бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқан Қ.Сыпатаев атындағы №7 IT мектеп-лицейінде өткен Білім күні мерекесіне арналған салтанатты жиынға қатысты. Барша білім алушыларды мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Жиында ұстаздар мен оқушылардың салтанатты шеруі болды. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер өлең айтып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Шымкентте жаңа оқу жылында 20 жаңа мектеп ашылды. Нәтижесінде 45 мектеп бір ауысымды, 173 мектеп екі ауысымда, 5 мектеп үш ауысымда білім береді. Білім ұяларының 97,8 пайызы бес күндік, үш ауысымда білім беретін 5 мектеп алты күндік оқумен қамтылады.

Бұл туралы бүгін Ақпараттық-коммуникациялық орталығында Шымкент қаласы білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиева 2022-2023 жаңа оқу жылының басталуы туралы БАҚ өкілдеріне берген арнайы брифингінде айтты.

- Жыл соңына дейін 12990 орынға арналған 25 мектеп пайдалануға беріледі. Нәтижесінде, үш ауысымды мектептер саны 9-дан 5-ке төмендеді.

Жалпы басқармаға қарасты 223 мектеп, 577 балабақша, 37 колледжді қосқанда, 861 білім беру ұйымдарында 390 мыңға жуық тәрбиеленушілермен жаңа оқу жылын бастау жоспарлануда.

Биылғы оқу жылында 1-сыныпқа 28 002 оқушы қабылданды. Бұл өткен жылғы бала санымен салыстырғанда 3 000 оқушыға артқан.

Жаңа оқу жылында 1 және 5-11 сыныптардағы білім беру стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар еніп отыр, -деді басқарма басшысы. Спикердің сөзінше, жалпыға міндетті білім қорынан 58 154 балаға мектеп формасы үшін жергілікті бюджет есебінен ҚР Үкіметінің №64 қаулысына сәйкес, әр балаға 37 389 теңгеден бөлінген.

Одан бөлек, кәсіподақ және банктер арқылы — 845, жергілікті мешіттер тарапынан — 1 200, жеке кәсіпкерлер, демеушілер — 2 142 балаға, жалпы алғанда 4 187 балаға қосымша қамту жұмыстары жоспарланған.

Сонымен қатар, қала аумағындағы сауда орындары зерделеніп, кәсіпкерлік басқармасымен бірлескен жәрмеңкелер ұйымдастыру жұмыстары да қолға алынған.

Қала мектептерінде компьютерлік құрылғылар саны — 56 746 дананы құрап, 1 компьютерге 4 оқушыдан келіп отыр. Бұған дейін 27 оқушыға 1 компьютерден тиген болатын.

Барлық компьютерлер 100% интернет желісімен қамтылып, жылдамдығын арттыру мақсатында байланыс операторларымен келісім-шарт түзілді.

Сондай-ақ қалададағы 6 мектепке спорт алаңшалары салынып, 372 кабинет және 610 интерактивті панелдер орнатылған. Нәтижесінде, пән кабинеттер үлесі 32,2% ден 72,0% артқан. Бұдан басқа, барлық мектептер 100% бейнебақылау, дабыл түймесі, турникет және I дәрежелі күзетпен қамтылған.

## ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН БІЛІМ МЕКЕМЕЛЕРІ

Жаңа оқу жылы қарсаңында Түркістан облысының Келес ауданында бір күнде 2 мектеп пайдалануға берілді. Біреуі – Ақтөбе ауылдық округінің Ынтымақ ауылында, екіншісі — Қошқарата ауылдық округінің Жамбыл елді мекенінде. Екеуі де 300 орынға лайықталған, заманауи үлгіде салынған.

Оқу жылын жаңа білім ошағында бастаған Ынтымақтық оқушылардың қуанышында шек жоқ. Мұнда спорт зал, асхана және қажетті құралдармен жабдықталған пәндік кабинеттер бар. Жаңа типтік мектептің жалпы алаңы 3025 шаршы метрді құрайды. Мектеп ғимараты 3 қабаттан тұрады.

Аталған білім ошағының ашылу салтанаты өтіп, Келес ауданының әкімі Ақментай Есбаев арнайы қатысты. Салтанатты шара барысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы енгізіліп, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады. Аудан әкімі құттықтау сөз сөйлеп, ата-аналар тарапынан Түгелбаев Қанқабай сөз сөйледі.

Қошқарата ауылдық округінің Жамбыл елді мекеніндегі оқушылар жаңа оқу жылын жаңа мектепте қарсы алды. 2019 жылы құрылысы басталған білім ғимаратының құрылысы аяқталып, ел игілігіне табысталды. Салтанатты шараға қатысқан Келес ауданы әкімінің орынбасары Алмас Сексенбаев оқушылар мен ұстаздарды мерекемен құттықтап, жаңа ғимараттың лентасын қиды.

Сауран ауданында да жаңа оқу жылы қарсаңында заманауи үлгідегі үш жаңа мектеп пайдалануға берілді. Бүгін 400 оқушыға арналған «Жаңа Иқан» мектебі мен 400 орындық «Дарын KZ» мектебінің және 200 орындық «Дара бала» бастауыш мектеп- балабақшасының ашылу салтанаты өтті.

Жаңа Иқандағы жаңа мектептердің физика, химия, информатика, биология кабинеттері соңғы үлгідегі техникалармен жабдықталған. «Жаңа Иқан» мектебіне 400-ге жуық оқушы қабылданып, 50-ге жуық ұстаз, 10 кіші қызметкер жұмыспен қамтылды. Ал «Дарын KZ» мектебінің алғашқы оқушылары болып 250-ден астам оқушы қабылданып, 40-қа жуық ұстаз бен 10 кіші қызметкер жұмысқа қабылданды.

Жаңа Иқандағы қос мектептің ашылу салтанатына қатысқан аудан әкімі Ғани Құрмашұлы бұл екі ірі мектептен білімді де дарынды ұрпақ тәрбиеленіп шығатынына сенім білдіретінін жеткізді.

Шорнақ ауылдық округінде ашылған «Дара бала» бастауыш мектеп- балабақшасында қазақ, орыс сыныптары, ұзартылған күн тобы, сонымен қатар балаларды түрлі өнерге баулитын домбыра, шахмат, би, т.б үйірмелер бар. Балабақшада робототехника үйірмесін жетілдіру де жоспарлануда. Сондай-ақ балаларды тасымалдайтын арнайы көлік те қарастырылған.

Білім күніне орай Сайрам ауданында 5 жекеменшік мектеп ашылды. Оның бірі Қайнарбұлақ ауылдық округіндегі 300 орындық бастауыш сыныптарына арналған мектеп болса, қалған 1200 орынға арналған 4 жалпы орта мектеп Манкент ауылдық округінде орналасқан.

Алдымен аудан әкімі Ұ.Сәдібеков, облыстың Құрметті азаматтары Ә.Досболов және С.Бараховалармен бірге Қайнарбұлақ ауылындағы 300 орындық «Бақдәулет» жекеменшік бастауыш мектебінің салтанатты ашылуына қатысып, лентасын қиды. Жаңа ғимаратқа келген бастауыш сынып ұстаздары, оқушылары мен ата-аналарына жылы лебіздерін білдірді. Сонан соң, көпшілікке ғимараттың іші таныстырылды.

Ұласбек Сәдібекұлы өз құттықтауында: «Құрметті ұстаздар! Қымбатты оқушылар, ата - аналар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты мереке — Білім күнімен құттықтаймын! 1 қыркүйек – барша халықтың, әсіресе балалардың көптен күткен мерекесі! Бұл күн бәрімізге жақын мерекенің бірі деғім келеді. Өйткені, біз де сіздер сияқты мектеп табалдырығын аттап, қабырғасында білім алып, ең қызықты жастық шағымызды өткіздік. Жаңа оқу жылының алғашқы күні ұстаздарымызбен қауышып, оқуға ерекше дайындалып, тағатсыздана күткеніміз әлі де жадымызда сақталды. Биыл ауданымызда 2022-2023 оқу жылына бірінші сыныпқа 5847 бала мектеп табалдырығын аттағалы тұр. Біз әрі қарай да жас ұрпақтарға қолдау көрсетуді жалғастыратын боламыз. Балаларды мектепке толық қамту үшін ауданда инвесторларды тарта отырып, жекеменшік мектептерді салу мәселесі жақсы қолға алынған. Осындай қолайлы жағдай жасалған, зәулім ғимаратта жақсы білім алуға бар жағдай жасалған. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтай отырып, «Ұстаз көштен қалмаса, ұрпақ озады» деген сөзіне сай, алдағы жұмыстарыңызға шығармашылық табыс, жоғары жетістіктер мен денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін!» деді.

Құрылысы 2021 жылы басталып, биыл аяқталған мектепке кәсіпкер, ауданға белгілі азамат Сағындықов Сиқымбай өз есебінен 210 млн теңге жұмсаған. Жаңа білім ұясына негізгі пәндерді оқытуға 20-дан аса мұғалім жұмысқа қабылданған.

Аудан әкімі Ұ.Сәдібеков Н. Сулаймановтың жаңа типтік үлгідегі үш тілде оқытылатын 1200 орындық Әл-Фараби жалпы орта мектебін ашып, Білім күніне арналған мерекелік іс-шараға қатысты.

Жеке кәсіпкердің демеуімен жекеменшік мектептердің құрылыстарына 1 млрд 200 млн теңгеден аса қаржы жұмсалған.

Қазіргі таңда бала саны артқан мектептерден оқушылар мен ұстаздар жекеменшік мектептерге өтуде. Олардың сағат жүктемелері мен жұмыс орындарын сақтау мәселелері бойынша әкімдік, бөлім, кәсіподақ және кәсіпкер арасында меморандум түзілген.

Жекеменшік мектептердің ашылуының ата-аналар үшін ұтымдысы – балаларға сапалы білім беруге мән берілген, оқулықтар мен мектеп формаларымен қамтылған. Олардың тасымалдау қызметі, тамақтандыру мәселелері ұйымдастырылған.

Жалпы, ауданда 10 жекеменшік мектептің құрылысы қолға алынса, соның 5-еуінің құрылысы аяқталып, мерекені күні халықтың игілігіне тапсырылды.

Ал Түлкібас ауданына қарасты Абайыл ауылының жастары биылғы оқу жылын жаңа ғимаратта бастайды. Аудандағы шалғай елді мекендердің бірі саналатын ауылда мектеп өзекті мәселенің бірі болып келген-ді.

Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз, ауданымыздың құрметті азаматы Қасымбеков Нұрлыбай атындағы білім ордасының жаңа ғимаратының ашылу салтанатты шарасы өтті. Мерекелік жиын барысында мектеп алдынан соғыс ардагері, ұлағатты ұстаздың 100 жылдық мерейтойына арналған бюст ашылып, тағзым етілді.



Бетті жинақтап дайындаған: Баглан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ.

# ТҰҚЫМБАҚТАРДАҒЫ КӨШЕТТЕР САНЫ 50 МЛН ЖЕТКІЗІЛЕДІ

Ормандарды сақтау және кеңейту бағытында Кешенді жоспарға сәйкес 5 жылда 110 мың гектар жерге 170 миллионнан аса ағаш көшеттерін егу жоспарланған. Жоспарға сәйкес, 2021 жылы 14 619,4 га жерге 18,707 млн ағаш көшеттері отырғызылса, 2022 жылы 16 940 га жерге 22 млн ағаш-көшеттерін отырғызу жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылуда.

Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мәліметінше, бүгінгі таңда Түркістан қаласының айналасынан құрылған «Жасыл белдеудің» жоспарланған 29 511 гектар жер көлемінің 13 629 гектары орындалды. Орман мекемелерінің тұқымбақтарында 30 млн. көшеттер өсірілуде. Алдағы уақытта көшет санын 50-60 миллионға жеткізу жоспарланған. Сонымен бірге Түркістан — Шәуілдір тас жолының екі жағына 50 шақырым жерді Жетікөл аумағымен біріктіре отырып, анықталған 4000 гектарға жасыл екпе егу жоспарлануда.

# АЙМАҚ БАЛЫҚ ӨНДІРУДЕН КӨШ БАСТАП ТҰР



Түркістан облысында облыстың су айдындарындағы балықтың табиғи қоры 14,1 мың тоннаны құрайды (ғылыми дерек), яғни облыстың балық өндіру потенциялы жоғары деңгейде. Тауарлы балық өндіру бойынша 2020, 2021 жылдары республикада көш бастады. ҚР Үкіметінің балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасына сәйкес, 10 жылда облыста тауарлы балық өндірудің көлемін 20 мың тоннаға жеткізу мақсатында жұмыстар атқарылуда.

Бүгінде, резервтегі су айдындарын бекітіп беру, заңдастыру облысаралық балық шаруашылығы инспекцияларының құзырында. Заңға сәйкес, 2022 жылға дейін балық шаруашылығын дамытуды субсидиялау Ауыл шаруашылығы басқармасымен жүргізілген. Бүгінде Табиғи ресурстар басқармасының құзыретіне берілуіне байланысты, Заңдастыру толығымен аяқталды.

Түркістан облысы аумағында тауарлы балық өсіруге жарамды 134 өзен-көл орналасқан. Оның ішінде 88 жергілікті маңызы бар су айдыны балық шаруашылығы мақсатында табиғат пайдаланушыларға берілген. Сарапшылар Түркістан облысындағы жасанды су қоймаларында балық өсіру саласының жоғары әлеуетін айтуда. Айта кету керек, өңірдің тауар өндірушілері жылына 2 мың тоннадай балық өнімін Әзербайжан, Грузия, Израиль, Ресей, Қытай және  збекстанға балық экспорттайды.

# ПАРАСПОРТШЫЛАР ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ



Ақтау қаласында парапауэрлифтингтен ҚР чемпионаты өтті. Ел чемпионатына республикамыздың барлық аймағынан 200-ге жуық спортшы қатысты. Спартакиадада Түркістан облысының көру қабілеті зақымданған спортшылары командалық есепте 1 орын алды. Атап айтқанда, Мұхтар Қалменов, Зәуре Әйтек, Бағланбек Оналбек, Фахриддин Нарзулла, Ақтолқын Сейілбек, Дилором Дыханова алтыннан алқа тағынды. Нұрдәулет Әділбеков пен Сүйініш Еркінов күміс, Абзал Шакеев қола жүлдегер атанды. 6 алтын, 2 күміс, 1 қола медаль иеленген параспортшылар Түркістанға оралды. Облыс намысын қорғаған спортшыларды Түркістан облысының мүгедектерге арналған "Сауран" спорт клубының ұжымы, туған-туыстары мен жанкүйерлері күтіп алды.

**Бетті дайындаған: Жомарт БЕГІМБЕТ.**

# ТҮРКІСТАННАН ТЕРІСКЕЙГЕ МЫҢҒА ЖУЫҚ ОТБАСЫ ҚОНЫС АУДАРҒАН

Былтыр оңтүстік өңірнің тұрғындары «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасымен Павлодар облысына қоныс аударған болатын. Ал жалпы 2021 жылы Солтүстік өңірлерге Түркістан облысынан 847 отбасы, яғни 3779 тұрғын






көшіп барған. Бұл жалпы республика бойынша көшкендердің 30 пайызын құрайды. Оның ішінде Павлодар облысына — 550 отбасы (2700 адам), Солтүстік Қазақстан облысына — 206 отбасы (837 адам), Қостанай облысына — 55 отбасы (161 адам), Шығыс Қазақстан облысына — 36 отбасы (81 адам) көшкен. Олардың 1869-і еңбекке қабілетті, ал тұрақты жұмыспен қамтылғандары 1294 адам. Сонымен қатар 397 адам жеке кәсібін ашса, ал қалған 178-і үй шаруасында. Қазіргі таңда олар баспанамен және тұрақты жұмыспен қамтылып, көші-қон субсидиясына ие болып отыр.

Мемлекеттік бағдарлама аясында қоныс аударушылар қатары жыл сайын артып келеді. 2022 жылдың 7 айында «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында Солтүстік өңірлерге тағы 270 отбасы қоныс аударған. Яғни, 951 тұрғын Теріскейге көшіп, жаңа өмір бастады. Ал жалпы биыл республика бойынша жоба аясында Түркістан облысына 6424 квота бөлінген.

Түркістандықтардың басым бөлігі Павлодар облысын таңдаған. Бұл өңірге 131 отбасы (401 адам) көшіп, бұл 42,16 пайызын құрап отыр. Солтүстік Қазақстан облысына 109 отбасы (469 адам), Қостанай облысына 23 отбасы (65 адам) көшкен. Жалпы 14,8 пайыз құрап, осы көрсеткіш бойынша Түркістан облысы республикада бірінші орында тұр.

Көшіп барған тұрғындармен кездесу және сондағы бос тұрған үйлер мен жерлер туралы, сондай-ақ қоныс аударушыларға жасалған жағдаймен танысу мақсатында Түркістан облысы әкімдігінің ұйытқы болуымен бір топ делегация Павлодар облысына барды. Делегация құрамына Түркістан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қызметкерлері, кәсіпкерлер, әрбір аудан мен қалада көші-қонға жауапты бекітілген мамандар мен журналистер бар. Павлодар облысына ат басын бұрған жұмыс тобы «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасымен қолдау көрсетілген отбасылардың тұрмыс-тіршілігімен танысты.

Оңтүстік өңірде жұмыссыздар саны көп болса, ал Павлодарда жұмыс күші тапшы. Оларға Теріскейде қолайлы жағдай жасалуда. Қолдауға ие болғандардың бірі — Түркістан облысы, Сарыағаш ауданынан Заңғар ауылына көшіп келген Шерзат Райымбеков. Оның айтуынша солтүстікте өмір сүруге, тіршілік жасауға барлық жағдай жасалған. Тек ерінбей жұмыс істесең болғаны. Шерзат бау-бақшаның қыр-сырын жақсы меңгергендіктен жылыжаймен айналысуды жөн көрген. Кәсіпкер отбасы қияр мен қызанақтан бөлек қауын, шалғам егіпті. Бүгінде үш соттық жерден үш миллион табыс тапқан.



Павлодар ауданында да көшіп келушілердің жағдайын арттыруға арналған жұмыс қарқынды.

-«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылғаннан бастап өңірлік квота аясында Павлодар облысына Түркістан облысынан 2700 адам келді. Биыл «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда. Бүгінгі күнге дейін квота бойынша Түркістан облысынан 578 адам көшіп келді. Былтыр қоныс аударушыларға 354 пәтер берілген. Тұрғындардың барлығы толығымен көшіп келіп, тұрғылықты жері бойынша тұрып жатыр. Қоныс аударушыларға берілетін субсидия 35 айлық есептік көрсеткіштен 70 айлық есеп көрсеткішке дейін төленеді. Отбасы мүшелерінің әрқайсысына 214 мың теңге беріледі. Сондай-ақ қоныс аударушыға он екі ай бойы ай сайын тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша материалдық көмек ұсынылады, — деді Павлодар облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Гаухар Байтілесова.



Бүгінгі таңда Павлодар облысы ауыл шаруашылығы мамандарына, білім саласына, дәрігерлерге, техникалық мамандықтарға және қызмет көрсету саласының мамандарына мұқтаж.  ірлік квотоның басты шарты — әр отбасының бір мүшесі міндетті түрде жұмыспен қамтамасыз ету. Сондай-ақ мұнда жұмыс беруші қоныс аударушыларды тұрғын үймен қамтамасыз еткен жағдайлар да болған.  кінішке орай, биыл жоба аясында бос үйлер жоқ.

Тереңкөл ауданы Жұмыспен қамту орталығының директоры Әділет Жұмабекұлы Жаңабет ауылында мұғалімдер тапшы екенін айтты.

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 10-ға жуық отбасы Арыс қаласынан қоныс аударды. «Еңбек» бағдарламасы аясында үш үй салынып, 6 отбасы қоныс аударды», — деді Ә.Жұмабекұлы.

Түркістандық делегация Павлодар облысындағы ауылдарындағы тұрғындардың жағдайын біліп қана қоймай, көші-қон саясатына қатысты ұсыныстарды саралады. Аалдағы уақытта да жұмыс жалғасын табатын болады.

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.К.ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

# ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

«Қазақстан теміржолы» компаниясы толыққанды транзиттік-логистикалық корпорация болып қайта құрылады.

Мен 2025 жылға дейін жергілікті жолдардың кемінде 95 пайызын жақсарту жөнінде тапсырма бердім.

Бізде әлі күнге дейін битум тапшы. Бұл — ірі көлемде мұнай өндіретін ел үшін, тіпті, ұят жағдай. Үкімет осы мәселені түбегейлі шешуге тиіс.

Үкімет агроөнеркәсіп саласын субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдерін әзірлеуге тиіс.

Жылдың соңына дейін кемінде 5 миллион гектар жерді қайтарып алу жоспарланып отыр.

Су саласын дамытудың үш жылдық жобасын әзірлеу керек.

**ҮШІНШІ БАҒДАР.**
**ЕЛ БОЛАШАҒЫНА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯ.**

Еліміздің басты құндылығы — адам. Бұл — айқын нәрсе. Сондықтан, ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру — реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды.

Үкіметке денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін қайта қарауды тапсырамын.

Ұлттық жоба аясында 32 аудандық аурухана заманға сай жаңарып, ауданаралық көпбейінді мекемеге айналады.

Алдағы үш жылда резидентураға бөлінетін грант саны 70 пайызға көбейеді.

Келесі маңызды мәселе — білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады.

Балабақша тәрбиешілерін аттестациялау қажет.



Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз.

Білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несие де беріледі.

Мен ең төменгі жалақы деңгейін 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдадым. Бұл шешім 1,8 миллион азаматтың табысына тікелей әсер етеді.

2025 жылға қарай жиынтық зейнетақы мөлшерін орташа алғанда 27 пайызға көбейтеді. \

Әйелдердің зейнет жасын 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде қалдырамыз.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімін сәби бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартамыз.

2023 жылдан бастап, Отбасының цифрлық картасы және Әлеуметтік әмиян сияқты тәсілдерді енгізу жоспарланып отыр

Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету жалғасады. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі.

Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан жүзеге асыра бастауды тапсырамын.

**ТӨРТІНШІ БАҒДАР.**
**МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ІСІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ.**

Бізге сапалық тұрғыдан жаңа мемлекеттік басқарушылар керек. Мемлекеттік қызметшілерді іріктеу және жұмыстан босату жүйесін заман талабын ескере отырып, қайта жасау қажет.

«Самұрық-Қазына» қорының жаңа жұмыс үлгісін түпкілікті айқындап алу қажет.

Әлемдегі ең үздік инвестициялық және өндірістік компанияларды үлгі ретінде алу керек. Мемлекеттік активтерді басқару ісі барынша ашық болуға тиіс.

**БЕСІНШІ БАҒДАР.**
**ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП.**

Барлық судьялардың мәртебесін теңестірген жөн. Олар өзінен жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді болмауы керек.

Судьялардың дербестігін арттыру үшін Жоғарғы сот кеңесінің мәртебесін нығайтқан дұрыс.

«Сот төрелігін атқару сапасы» бойынша судьяларды бағалау және жауапкершілікке тарту институтын түбегейлі қайта қараған жөн.

Жоғарғы Сот осы интеллектуалды жүйені толық енгізуді тездеткені жөн.

Келесі мәселе — құқық қорғау органдарын реформалау туралы. Бұл сала әрдайым қоғамның жіті назарында.

Мен қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдадым.

Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек.

Президент мандатын ұзақтығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынамын. Бірақ, қайта сайлануға тыйым салынады. Президентті бір мерзімге ғана сайлау нормасын сайлаудан кейін Парламенттің қарауына ұсынамын. Парламент оң шешім қабылдаса, Отанымызда жаңа саяси дәуір басталады.

Биыл Президент сайлауы, келесі жылы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Содан кейін Үкімет құрамы жасақталады. Соның нәтижесінде 2023 жылдың ортасында Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың бәрі қайта жаңғырып, жаңарады.

## ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ БІЛДІРУ АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗЫМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» әл-ауқатын арттыратын көптеген маңызды мәселелер айтылды. ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ, НАҚТЫ СЕКТОРДЫ ДАМЫТУ, ЕЛ БОЛАШАҒЫНА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯ, МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ІСІН ҚАЙТА ЖАНҒЫРТУ және ЗА- ЖӘНЕ ТӘРТІП тақырыбындағы бес маңызды бағдары бар Жолдау кезек күттірмейтін бірқатар міндетті шешуге бағытталған маңызды қадам болмақ.

Макроэкономиканы дамытудан бастап, шағын және орта бизнес пен адам капиталын дамыту, заң үстемдігін орнықтыруда тың тәсілдерді қолдануға шақырған Президент жаңа экономикалық бағдарымыздың басты басымдықтарын атап өтті. Тарқатып айтқанда, жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру, яғни, мемлекеттік капитализмнен және мемлекеттің экономикаға шектен тыс араласуынан бас тарту; бәсекелестікті дамыту, яғни бәріне бірдей мүмкіндік беру, сондай-ақ, ұлттық табысты әділ бөлуді тапсырды.

Президентіміздің бұл Жолдауында үлкен трансформациялық бетбұрыс жасап отырғандығын шетелдік сарапшылар да тілге тиек етуде. Яғни, билік пен бұқара байланысын жаңа сатыға шығарып, бұқараның үні тасада қалмауына ерекше көңіл бөліп отыр. Бұдан басқа тапсырмалары да тек халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталды. Халықтың ерекше қуанышпен қарсы алған жаңалығы үшінші бағдардағы жоспарлар болды. Яғни, 2023 жылғы 1 қаңтарынан бастап бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімінің сәби бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартылуы, жастарға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие берілуі және ең бастысы Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына 18 жасқа дейін аударылып тұруы ел үмітіне тың серпін берді деп ойлаймын. Мемлекет басшысының мұндай шешімдері халыққа етене жақын екендігін тағы бір айғақтап отыр.

